ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

№
КВГА-13/14304 от 07.06.19

ЖК «ЖАИМБЕТОВ»

Қазақстан Республикасы Қаржы министілігінң ішкі мемлекеттік аудит комитеті *(бұдан әрі - Комитет*) «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының "Оңтүстік жолдары" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны» мемлекеттік сатып алу веб-портал арқылы өткізген №3261037-1 «Автокөліктерді және арнайы техникаларды жөндеу қызметі, техникалық ерекшелігі 2-қосымшаға сәйкес, Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының "Оңтүстік жолдары" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны үшін» хабарландыруы бойынша электрондық ашық конкурсы бойынша сіздің №43612 20.05.2019 жылғы шағымыңызға сәйкес төмендегіні хабарлайды.

Ұйымдастырушының конкурстық құжаттамасының техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес, келесі сипаттамалар көрсетілген: Автокөліктерге уақытылы және сапалы техникалық қызмет көрсету үшін мамандырылған инженер-механик қызметкерлері болуы тиіс.

Конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші қызметті көрсету үшін қажетті растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, конкурстық құжаттамада көзделген еңбек ресурстардың болуы туралы мәліметтерді ғана көрсете алады.

Сонымен қатар сіздің Конкурстық құжаттаманың 6 Қосымшамасына сәйкес, **мамандырылған инженер-механик қызметкерлері** туралы мәліметтер көрсетілмегені анықталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150 тармағына сәйкес, сіздің конкурстық өтініміз заңды түрде конкурсқа қатысудан шектетілді.

Осыған байланысты, сіздің конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімін жіберу барысында, конкурстық комиссияның іс-әрекеттерінде бұзушылықтар және өтініште көрсетілген дәлелдер Комитетпен расталмаған.

Айта кету керек, камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 30.11.2015 ж. №598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылауды жүргізу ережесінің 19 - тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-заң) 47-бабының 6-тармағына және "жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, сіз оған, оның ішінде жоғары тұрған органға шағымдануға құқылысыз.

Сонымен қатар, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

Төрағаның орынбасары Подпись имеется **Ш. Шайназарова**

исп.Талгат Т.
тел. 71-76-08